


1985 жыл. Күн қарды жеп, жер мейірлене су жұтып, шөлін басқан сәуір айы. Кеңес Одағы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына айтылап дайындалып жатқан. Ел десе елегізіп, ақ тілегі алдынан өріп жүретін аса қадірменді Қайырбек Сәдуақасов ағамыз облыста үлкен қызметте еді. Іссапарға барған бір жолымда:

- Мұнда Қазыбек жайлы құнды деректер бар. Ел-жұртыңның да білгені жөн ғой! - деп, Тұрсынбек Кәкішевтің «Жол үстіндегі 80 күн» атты кітабын қолтығыма қыстырып жібергені бар. Кітап авторы да Алатаудай заңғар жан. Одаққа белгілі жазушы әрі есімі танымал ірі ғалым ҚазМУ-да кезінде мен де осы Түрсекеңнің алдынан дәріс алғанмын.



Сол кезде Ақтоғай топырағында тумаса да, туғандай біте қайнасып кеткен Саят Тохметов марқұм аупараткомның бірінші хатшысы еді. Халқымызға ортақ қуанышты ең алды сол кісімен бөліскенмін. (Біріншінің емеурінсіз шай қайнатып, ши басы сынбайтын заман ғой) Сәкең бастапқыда сыздап, терісіне сыймай сөйлейтін әдеті. Артынша сұқ саусағы мен қанатты қасының ұшын жеңіл-желпі сипап алатын да іле күбі піскендей күмбірлетіп ала жөнелетін-ді.

- Әй, өзі точно біздің Қазыбек пе? - деп әшейін де ескере бермейтін көз-әйнегін салып, мен нұсқаған бетті дауыстай оқи жөнелді.

Полецк ауданы Заскорки деревнясын азат етуде қаза тапқан Совет Одағының Батырлары Жанұзақов Абдолла, Исханов Берген, Есқалиев Сүндетқали деп кілең көп фамилияны шұбырта оқып отырды да, шорт тоқтады.

- Слушай, мыналарың кілең басқалар ғой.

- Енді бір-екі жол көз жүгіртіңіз.
- Нұржанов Қазыбек Бейсенұлы (24.03.1945 құжаттардың көбінде әкесінің орнына атасы Бейсеннің атын берген). Осы батырлардың бәрі де музейдің 28 залында түгел аты-жөні жазылып, мыңдаған батырдың ортасында тұр. Ал, қайсыбірі өсіресе, жоғарыда аталған Нұржанов Қазыбек Бейсенұлы жайында энциклопедиялық анықтамада молырақ жазылған екен. Соны түгелдей аударып, алдағы жайға тағы бір ой тастағым келеді деген автор сөзін мәнеріне келтіре оқып, әрі жалғастыра жөнелді.

«21.10.1919 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, «Қаратал» совхозының Қуаныш бөлімшесінде туған. Қазақ. 1943 жылдан КПСС мүшесі. Қарқаралы педагогикалық училищесін тәмамдаған. Мұғалім болған. Қызыл әскер қатарына 1939 жылы шақырылған. Майданға 1942 жылдың июнінен бастап араласқан. Орелді азат етуге Десна, Днепр, Друнт, Березина өзендерінен өтуге қатысқан. Барлаушылар взводының командирі,

аға сержант Қ.Нұржанов Белоруссия операциясында айрықша көзге түсті. 1944 жылы июнь айында жау оғына қарамай, Друт өзенінің оң жағасына жайласқан жау танктерін анықтап, қолбасшыға хабарлады, өзінің взводымен дұшпанның тылына өтіп, ойран салды. Шегінер жолды қалдырмай оқпен бітеп тастады. Өзі 4, взводы 97 гитлершілерді тұтқындады. 14.04.1944 жылы Қ.Нұржанов бастаған бір топ жауынгерлер жаудың оң бүйірінен кіріп, естерін шығарып, алды-артына қаратпай, қуа отырып, Волковск қаласына кірді деген жолдарды оқығанда Сәкен де ерекше қуаттанып қалды.

Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында талай-талай тамаша бастамалар туған.

бекінісінің осалдау тұсын тауып, взвод қала ішіне аман-есен кірді. Бірақ қатты шабуылға ұшырадық. Ол бір жан беріп, жан алған ауыр шайқас еді, - деп әңгімелепті В.Васильев.

Сол күндері ІІ Белорусь майданының Қолбасшысы Кеңес Одағының маршалы К.Рокоссовскийдің «Правда» газетіне жарияланған мақаласындағы мына жолдарға көз тоқтатпай өте алмайсыз: «Қазақ халқының таңдаулы ұлдары Отан үшін ұрыс майданында аянбай күресті ІІ Белорусь майданының жауынгерлері өздерінің қарулас бауырлары батыр қазақтардың Есқалиевтің, Мусиннің, Мамытовтың, Қауымбековтің, Нұржановтың ерлік істерін мақтан етеді. Отанымыз олардың



аға. Волковскіде немістердің үлкен концлагері болған. Жәдігерлердің арасында небір жантүршігерлік зұлымдықтардың қолтаңбасы тұр. Тірі совет жауынгерінің жауырынынан бесжұлдызды ойып алған фотосуретті көрдік. Сол сұрапыл соғыс уақыт өтіп, ұрпақ жаңғырған сайып елеске айналып барады. Ал,

Қазыбек – тірі

Соның бірі - «қызыл ізшілер», - деп аталатын игі бастама еді. Мақсат батыр ағаларының майдан жолымен ұрпақтың жүріп өтуі ерекше бір қастерлі де құдіретті парыз болды. Сондай топ біздің ауданда да құрылды. Топ құрамына Қасымхан Қаленов те енді. Сол кездері Қаскеңнің жасы 50-дің ішінде. Облыстық «Жезқазған туы» газетінің екі аудандағы меншікті тілшісі.

Сәуірдің 28 жұлдызында жұрт жиналып, оларды шығарып салғанымыз есімде.

Жеңіс мерекесі қарсаңында олар аман-есен елге оралды. Саптанатты жиынның баяндамасы да әлдеқашан пісіп-түсіп қойған. Бір пұшпағын илесуге менің де қатысқаным бар еді. Енді осы сапарды енгізу қажет еді. Қаскеңнің екшеп-елегенінің өзі екі беттей болған. Сол парақ қолыма түскендіктен бе, әйтеуір сақталып қалыпты.

Оның ұзын-ырғасы мынадай:

Қазыбектің қан майданда көзге түсіп, ерлік көрсеткен ортасы Гродно облысының Волковск қаласы екен. 1944 жылы 14 маусымда кеңес әскері Волковскіні азат етуге жойқын шабуыл ұйымдастырады. Бірақ, бет қайтып, жүрек шайлықтырған шайқас екі жақты да өбден қалжыратады. Қызыл әскер алуға, немістер бермеуге бекінген.

«Қала ішіне кіріп, ортасынан ойран салу керек!» деген бұйрық барлаушылар взводының командирі Қазыбекке жүктеледі. Бұл үрей туғызу тактикасы болса керек. Сол сәтте Қазыбекпен бірге болған майдандас досы Старый қаласында тұратын В.Васильевті біздің адамдар арнайы іздеп барып жолыққан. Немістің

ерлік істерін ешқашан ұмытпайды», - деп Маршал сүйсініп айтса-айтқандай. Волковск төңірегін жаудан азат етуде қазақтың тоғыз бірдей ұлы Кеңес Одағының ең жоғарғы награда - Батыр атағын алған. Соның бірі Ақтоғайдың жұлдызын жағып, атын жат елдің аузында қалдырған біртуар перзентіміз Қ.Нұржанов еді.

Волковск қаласында жерлестеріміздің таңдайын қақтырып, таңғалдыратын бұдан да басқа жайлар аз болмаған. Қазақстандық десе, мұндағылардың үлкен-кішісі Қазыбек деп қуанысады екен. Екінші бірі батырдың ерлігіне тәнті. Қалада Қазыбек есімін алған пионер ұйымы, батыр атымен аталатын үлкен көше, мүсіні кескінделген зәулім ескерткіш те бар. Қандай құрмет, қандай құдірет десеңізші! Осыны көргенде аруағыңнан айналайын, жан аға, дегізді. Өрі төбеміз көкке бір-ақ елі жетпей тұрды деп жазыпты Қаскең.

Қаланың қақ ортасында Багратион атындағы өлкетану музейі бар. Өткен ғасырдың басынан бүгінге дейін сыр шертетін мұражайдың үлкен бір залы Ұлы Отан соғысының батырларына арналыпты. Бірінің табалдырығынан аттағанда қазақтың үйіне кіргендей әсер аласың. Жоғарыда аталған тоғыз қазақ батырдың суреттері мен ерлік істері залда жарқырап тұр. Жазушы Т.Кәкішевтің кітабында келтірілген деректер де осы мұражайдан алынса керек. Ал Қазыбекке қосымша арнайы бұрыш ұйымдастырылыпты. Ақтоғайдан арнайы апарылған жәдігерлері мен фотоальбомдарды көргенде мұражай қызметкерлерінің қуанышын сөзбен жеткізу қиын-ақ деп келтіріпті Қасымхан

Қазыбек тірі. Ол жерінде ғана емес, өзге жұртта да, жат елде де Қазбек мәңгі тірі деп сөзін түйіндеген екен Қаскең. Аға аруағы риза болсын деп, сол сөзін осы мақалаға айдар етіп қоюды мен де жөн көрдім. Бір өкініштісі Қазыбектің қаза тапқаны қағаз жүзінде болғанымен, жерленген орны мұнда да әлі күнге белгісіз. Білемін, Қаскең көзі тірісінде онымен біраз айналысты да. Қазыбектің майдандас досы В.Васильевтің сөзіне қарағанда, оның тірі қалуы мүмкін деген болжамды да Қаскең жиі айтып жүретін. Волковскінің қызыл ізшілері де батырдың қабірін жатпай-тұрмай іздеп көрген. Осы арада Қаскеңнің мына бір дерегі де бір үміт отын жаққандай болады.

Ол 1958 жылы «Халық мұғалімі» журналының 1 санында жарияланған тарих ғылымының кандидаты, доцент Н.Калистратовтың мақаласы еді. «... Нұржанов та совет әскерлерінің алдыңғы бөлімшелерімен бірге Берлинге кірді. Үйлердің бірінің сыртында «Берлинді бермейміз!» деген жазу бар екен. Бұл жазуды совет жауынгерлері сызып тастап, оның қатарына былай деп жазыпты: «Мен Берлинде тұрмын, Сергеев!» қасында қазақ тілінде «Мен де Берлинде тұрмын. Гвардия сержанты Қ.Нұржанов» деген жазу болған. Ол біздің Қазыбек пе, жоқ әлде... Ол енді бүгінгі ұрпақтың еншісінде. Ағалар қолы жетпей кеткен сандықтың кілтің тауып, сырын бәлкім, солар ашар деп үміттенеміз.

**Махмұт ЖАРЫЛҒАП,
Ақтоғай аудандық
мәслихатының депутаты.**